

## Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 8 қыркүйек N 1334. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.

*Ескерту. Атауы мен мәтініндегі "және туризм" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 792 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтініндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .*

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 355 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2001 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиялардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар темір жол, өзен, теңіз, әуе министрлігінің Көліктік көлігімен жолаушылар мен бақылау комитеті жүктерді тасымалдау, жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау; қауіпті жүктерді көліктің барлық түрлерімен тасымалдау; авиациялық жұмыстар;

әуежайларда әуе кемелеріне,  
жолаушылар мен жүктерге  
қызмет көрсетуге байланысты  
әуежайлық қызмет;  
радиожиілік спектрін  
п а й д а л а н у ;  
технологиялық және ішкі  
өндірістік мақсаттағы,  
сондай-ақ курьерлік қызмет  
көрсетулерді қоспағанда  
почта байланысы мен  
телекоммуникациялар  
саласындағы қызмет;  
байланыстың жалпыреспуб-  
ликалық магистральдық  
және халықаралық  
желілерін пайдалану"

реттік нөмірі 28-жол алынып тасталсын;  
2 ) < \* >

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3-тармақшасы күшін жойды - ҚР Үкіметінің  
2004.09.29. N 998 қаулысымен .*

3 ) < \* >

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3-тармақшасы күшін жойды - ҚР Үкіметінің  
1999.11.20. N 1756 қаулысымен .*

3. "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі  
Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1322 қаулысының (Қазақстан  
Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 49, 444-құжат) 2-тармағының күші  
жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 8 қыркүйектегі

N 1334 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті туралы**

**Ереже**

*Ескерту. Атауы мен мәтініндегі "және туризм" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 792 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтініндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .*

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет), Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі құзыретінің шегінде арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған салада салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады .

Комитеттің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары бар .

Көліктік бақылау комитеті және оның аумақтық органдары осы Ережеде белгіленген шекте әрекет ететін көліктік бақылау органдарының бірыңғай жүйесін құрады . < \* >

*Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.18. N 671 қаулысымен .*

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына , заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады .

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оқшауланған мүлкі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер оған заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының барлық аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады .

5. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

Астана қаласы, Әуезов көшесі, 71.

*Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 792 қаулысымен .*

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті" мемлекеттік м е к е м е с і .

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Комитетке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жасауға тыйым с а л ы н а д ы .

Комитетке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген жағдайда, мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары**

10. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) көліктік кешендегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қ а т ы с у ;

2) әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінің жұмысына байланысты көліктік, коммуникациялық және басқа да қызмет көрсетулер рыногының қалыпты жұмыс істеуі, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, көлікті, пайдаланатын тұтынушылардың мүдделерін қорғау ү ш і н ж а ғ д а й ж а с а у ; < \* >

3) әуе көлігінен басқа, көліктің барлық түрлерін қауіпсіз пайдалануға б а қ ы л а у д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

4) өз құзыретінің шегінде көліктік қызмет көрсетулер саласындағы, мемлекеттік р е т т е у д і жүзеге а с ы р у ;  
5 ) < \* >

*ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.18. N 599 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.06. N 786 қаулысымен .*

*Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1165 қ а у л ы с ы м е н .*

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды:

1) Қазақстан Республикасының аумағында өз құзыретінің шегінде заңды және жеке тұлғалардың әуе көлігінен басқа көлік барлық түрлерінің жұмыс істеуінің тәртібін айқындайтын заңды және өзге де нормативтік актілерді сақтауын мемлекеттік бақылауды, олардың бұзылуын анықтау және оның жолын кесу жөнінде шаралар қабылдауды; < \* >

2) көліктік кешендегі қызметті реттейтін заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға қатысуды;

3) авиациялықтан басқа көліктік қызметтер, саласында кәсіпкерлік қызметті лицензиялауды, сондай-ақ лицензиялау ережелерінің сақталуын бақылаудан және қадағалаудан; < \* >

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен көліктік қауіпсіздік мәселелерін шешу кезінде өзара іс-қимыл жасасуды;

5) өз құзыретінің шегінде халықаралық ұйымдарда көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруді;

б) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша, оның ішінде көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуді реттейтін мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді және қабылдауды;

7) қадағалаудағы кемелер мен олардың техникалық жабдықтарын, жағалаулық объектілерді, гидрокұрылыстарды, порттарды, шағын өлшемді кемелер үшін тұрақ-базалары және Қазақстан Республикасының акваторияларындағы басқа да құрылыстарды және олардың жабдықтарын жіктеуді және техникалық куәландыруды; < \* >

8 ) < \* >

9 ) < \* >

1 0 ) < \* >

1 1 ) < \* >

1 2 ) < \* >

1 3 ) < \* >

1 4 ) < \* >

15) Қазақстан Республикасының акваторияларында мемлекеттік кемелердің олардың тізілімін жіктеуді, тіркеуді жүргізу және теңіз, аралас (өзен-теңіз), ішкі жүздегі өздігінен жүзетін, өздігінен жүзбейтін шағын өлшемді кемелердің (Қазақстан Республикасының Әскери-Теңіз Күштерінің және шекара қызметінің теңіз бөлімдерінің жалауымен жүзетін кемелерді қоспағанда) жүзуінің қауіпсіздігін, порттарды, кеме қатынайтын гидротехникалық құрылыстарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуді қадағалауды; < \* >

15-1) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеме қатынайтын су жолдарын пайдалануына рұқсат беруді және оның мерзіміне

мемлекеттік бақылау жасауды;

15-2) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуына мемлекеттік бақылау жүргізуді; < \* >

16) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының айдындарында кемелермен болған авариялар мен уақиғаларды зерттеуге, оларды жіктеуге және есебін жүргізуге бақылауды, қадағалауды және қатысуды; < \* >

17) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат ету жүйесі талаптарының орындалуын мемлекеттік бақылауды;

17-1) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін бақылауды; < \* >

17-2) Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының және шетел мемлекеттері тасымалдаушыларының халықаралық автомобиль тасымалдарын орындау кезінде Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасын сақтауын бақылауды; < \* >

18) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетел мемлекеттері тасымалдаушыларының жүріп өтуіне және Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларының шетел мемлекеттерінің аумағы бойынша жүріп өтуіне рұқсаттар беру; < \* >

19) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының (шетелдіктерді қоса алғанда) жүріп өтуіне арнаулы рұқсат беруді;

20) жол қозғалысының, жолаушылар мен жүктердің темір жол көлігімен тасымалдануының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жай-күйіне талдау жасауды, темір жол уақиғалары мен оқиғаларының алдын алу жөнінде ұсынымдар әзірлеуді;

21) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде теміржол көлігіндегі (Қазақстан Республикасының теміржол көлігі құралдарымен) апаттарды, аварияларды және қақтығыстарды тергеуге, сондай-ақ темір жол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың алдын-алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға қатысу;

22) радиожилілік спектрінің, сондай-ақ радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың пайдаланылуына оларды пайдаланудың белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында тексерістер жүргізуді;

2 3 ) - 2 8 )

29) заңдарда көзделген өзге да функцияларды жүзеге асырады.

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.18. N 599 қаулысымен*

*Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 792 қаулысымен .*  
*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 15-1-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.07. N 1596 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың 3) тармақшасы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.07.17. N 794 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.06. N 786 қаулысымен .*

*Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1165 қаулысымен .*

*Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.18. N 671 қаулысымен*

12. Комитеттің өз міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) жеке және заңды тұлғалардан Комитеттің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, материалдарды, анықтамалық деректерді с ұ р а т у ғ а ;

2) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер қ а б ы л д а у ғ а ;

3) әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың қызметін олардың көліктің жұмыс істеуінің, тәртібін айқындайтын заңдардың ережелерін сақтауы б ө л і г і н д е т е к с е р у г е ; < \* >

3-1) бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты жүктердің автомобильмен тасымалын жүзеге асыруды болдырмау жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда шаралар қабылдау; <\*>

4) өз құзыретінің шегінде тексерулердің нәтижелері бойынша актілер жасауға және көліктің жұмыс істеуінің тәртібін айқындайтын заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және нормалардың талаптарының анықталған бұзылуын жою туралы ұйғарым енгізуге; <\*>

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес хаттамалар толтыруға, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге

а с ы р у ғ а ;

< \* >

5-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын шағын өлшемді кемені ұстауды жүзеге асыруға, тұлғаның жеке басына тексеріс және заттарына тексеріс жүргізуге, көлік құралдарына, шағын өлшемді кемелерге тексеріс жүргізуге ;

5 - 2 ) м ы н а л а р д ы :

құқық бұзушылық жасалған жерде не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде табылған құқық бұзушылық құралы немесе объектілері болып табылатын жеке адамның өзіндегі құжаттар мен заттарды ;

әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, үй-жайларға, көлік құралдарына, тауарларға, өзге де мүлікке тексеру жүргізу кезінде табылған әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды тауарларды, өзге де мүлікті, заттарды алып қоюды жүзеге асыруға ;

5-3) жүргізушілерді, кеме жүргізушілерді көлік құралын, шағын өлшемді кемені басқарудан шеттетуге және оларды мастық күйіне медициналық куәландыруға жіберуге ;

5-4) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, жайларға, тауарларға, өзге де мүлікке, сондай-ақ құжаттарға тексеру жүргізуге ;

5-5) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болып табылған заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салуға ;

б) шетелдік ұйымдармен өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша сыртқы экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыруға ;

7) Комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін мамандарды тартуға ;

8) мемлекеттік органдарға көліктік уақиғалардың, көлік тәртіптерінің бұзылуының алдын алу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар енгізуге ;

9 ) < \* >

1 0 ) < \* >

1 1 ) < \* >

12) кеме жүргізушілерді даярлау жөнінде курстар ұйымдастыруға, оларды аттестациялауды жүзеге асыруға ;

13) командалық және қатардағы құрамның тұлғаларына атқаратын қызметіне сәйкес дипломдар мен куәліктер беруге, оларды тиісті аттестаттаған кезде шағын өлшемді кемелерді басқару құқығына куәліктер беруге ;



14) қадағалауындағы кемелерге кемелік құжаттар мен мемлекеттік борттық нөмірлер беруге, теңіз, аралас (өзен-теңіз), ішкі жүзудегі кемелердің командалық құрамында дипломдардың, куәліктердің және оларға куәландырулардың болуын т е к с е р у г е ;

15) жағдайы кеме жүруі мен теңізде жүзу қауіпсіздігінің, қоршаған ортаны қорғаудың талаптарына жауап бермейтін кемелер мен басқа да жүзетін құралдарды пайдалануды, сондай-ақ шағын көлемді және балық аулау кемелері мен оларға арналған база-тұрақтарды пайдалануды тоқтату жөнінде шаралар қ а б ы л д а у ғ а ;

16) кеме жүруі мен теңізде жүзудің қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін сот шешімі бойынша кемелердің командалық құрамындағы адамдардан дипломдарға бақылау талондарын алуға, кеме жүргізушілерді кемемені басқаруға арналған құқықтарынан айыруға; < \* >

17) жағдайы немесе ұсталуы Қазақстан Республикасында белгіленген талаптарға, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау нормаларының талаптарына жауап бермейтін темір жол көлігі мен техникалық құралдардың пайдаланылуын тоқтату жөнінде шаралар қабылдауға;

17-1) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы темір жол көлігі құралдарының тізілімін жүргізуге және жүргізу тәртібін анықтауға;  
1 8 ) - 2 1 ) < \* >

22) заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар;

23) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен автокөлік құралдарын көліктік бақылау бекеттерінде тоқтатуға; < \* >

24) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда автокөлік құралдарын қарауға. < \* >

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.04.18. N 599 қаулысымен*

*Ескерту. 12-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 792 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.21. N 1095 қаулысымен*

*ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.06. N 786 қаулысымен*

*Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1165 қаулысымен*

*Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.18. N 671 қаулысымен*

### 3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарында белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

### 4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауаптылықта болады.

18. Төраға осы мақсатта:

1) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

1-1) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аумақтық органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

2) заңдарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Комитеттің аумақтық органдарының ережелерін, құрылымын және штаттық кестесін бекітеді;

7) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;

8) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

*Ескерту. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 792 қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен .*

19. Комитеттің қызметкерлері (лауазымды тұлғалар) билік өкілдері болып табылады, Комитет бекіткен белгіленген үлгідегі арнаулы куәлігі мен өңірлік

белгілері, ерекше қызметтік киім нысаны болады, қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде байланыстың арнаулы техникалық құралдарын, арнаулы су көлігі мен арнаулы автокөлікті пайдалануға, сондай-ақ Комитеттің көліктік постыларда жұмыс кезінде жезлді, ысқырықты және шлагбаумды пайдалануға құқылы. <\*>

*Ескерту. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 792 қаулысымен .  
ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.03. N 1665 қаулысымен*

*Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.18. N 671  
қ а у л ы с ы м е н*

20. Комитеттің ұшуға рұқсаты бар қызметкерлері мамандығын көрсету арқылы ұшуға тапсырмаға жазба жасау жолымен "Тексерушілер" деген бағанға, ал мұндай рұқсаты жоқтар - әуе кемесі экипажының кабинасында болу құқығымен "Қызметтік жолаушылар" деген бағанға енгізіле алады.

#### **5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

21. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.